

Ә. Дербісәлі 

Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: absattarderbisali@gmail.com

## ОТЫРАР ӨЛКЕСІНІҢ ОЙШЫЛЫ

Ислам – адамзат тарихына айырықша үлес қосқан үлкен өркениет. Оның туы желбіреген жерлерде әрдайым білім мен ғылым гүлденіп, адамзат адамгершілік пен парасат шыңына көтерілген. Ислам Орта Азияға, оның ішінде қазақ еліне біздің дәуіріміздің VII ғасырында ене бастады. 751 жылы Талас бойында қарақытайлықтар мен мұсылмандар арасындағы шешуші шайқаста бауырларымыздың жеңісі бүкіл ортаазиялық аймаққа ислам дінін ғана емес, сондай-ақ, оның мәдениетінің де еркін таралуына жол ашты. Қасиетті Құран Кәріммен бірге қазақ даласына үлкен ислам өркениеті келді. Ғылым, білім жанданды. Көптеген қалалар салынды. Онда медреселер мен ғылыми ошақтар жұмыс істеді. Жергілікті халық арасынан Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалаири секілді өз шығармаларында гуманизмді марапаттаған терең ойлы ғұламалар шықты. Олар тек қана қазақ елінің мақтанышына айналды. Олар қалдырған игі мұраларды үлгі етеміз. Бабалар мұрасы бізді қашан да рухтандырып отырады.

Ілгеріде өткен бабаларымыз бізге рухани мол мұра қалдырып кетті. Оларды игеріп қана қоймай, зерделеп, қастерлеуіміз керек. Өйткені, Ислам – қазақ халқының мәдениеті мен әдебиеті, өнері мен салт-санасының мызғымас бөлігі, тірегі. Біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміз ғана емес, сондай-ақ, әдет-ғұрпымыз бен мінезіміз де Қазан төңкерісі әкелген жасан жасанды арзан құндылықтарға емес, Ислам мәдениеті негізінде қалыптасқан. Қазақ жерінде Отырар, Сүткент, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Баршынкент, Жезд, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласағұн секілді үлкенді-кішілі талай-талай мәдени, ғылыми, рухани орталықтар болды. Соның ішінде тек бір ғана Отырарды ғана алсақ, ол әлем мәдениетіне өзіндік үлес қосқан Әбу Насыр әл-Фараби және басқа да дарынды парасат иелерін берді.

Жұрттың көпшілігі күні бүгінге дейін тек Әбу Насыр әл-Фарабиді ғана біледі. Шынында да, Отырар тек Әбу Насырды ғана берді ме? Біздің зерттеулеріміз Отырардың 30 майталманның шыққанын көрсетіп отыр. Олар әртүрлі ғылым, білім, мәдениет пен дін салаларының өкілдері. Бірқатарының өмірі жайлы мағұлматтар, еңбектері біздің заманымызға жетсе, бағзылары туралы деректер бірер жолдан аспайды. Әйтсе де олар біз үшін аса қымбат.

Мақалада Отырар өлкесі, Сайхун (Сырдария) жағасындағы Зернудж (Зернук) қаласының тумасы, ортағасырлық ойшыл, ұстаз [Бұрхан ад-дин] Нұғман бин Ибраһим бин Халил Тадж ад-дин аз-Зернуджидің ғибратты өмір жолы мен оның араб тілінде жазылған «Ат-Тағлим әл-мутағаллим тариқ әл-улум» атты діни-педагогикалық шығармасы зерттелген. Кемеңгердің еңбегі оқу құралы ретінде күні кешеге дейін араб елдері мен Осман империясының медреселерінде пайдаланылып келді.

**Түйін сөздер:** Зернудж (Зернук), Отырар (Фараб), Ислам, Мауараннаһр, қасиетті Құран, аят, хадис, талиб, фикһ, Исфиджаб (Сайрам).

A. Derbisali

Institute of Oriental studies named after R.B.Suleymenov,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: absattarderbisali@gmail.com

### The Thinker of Otrar Province

Islam is a great civilization. The contribution of Islam to the history of mankind is especially significant, since under its banners the flowering of education and science took place, humanity soared to the heights of humanism and sanity. The edges, which turned yellow like a dried up steppe, like a dried riverbed, with the advent of Islam turned into meadows with lush and tall grass.

Islam began to penetrate into Central Asia, including in the Kazakh lands in the VIII century AD. In the decisive battle between the Chinese troops of the Tan Dynasty and Muslims on the coast of Talas in 751, the victory of Muslims opened the way to Central Asia not only to Islam, but also to the unhindered spread of its culture. Along with the Holy Quran, Islamic civilization came to the Kazakh lands. Science and education revived. Cities were built. They functioned madrassas and research centers. Deeply think-

ing scholars came out from among the local people who praised humanism in their works – Abu Nasr al-Farabi, Khoja Ahmet Yasawi, Yusuf Balasaguni, Jamal ad-din Said at-Turkistani, Muhammad Khaidar Dulati, Kadyrgali Jalairi and others. They are proud not only the Kazakh people and Central Asia, but also the entire culture of the Muslim East. Their names are given to streets and avenues, universities and research institutes of Kazakhstan. We are proud of them. The valuable heritage left by great scholars is a treasure trove for us and will always inspire great deeds.

Our ancestors left a great spiritual legacy. We must not only master them, but also study and read, because Islam is an indestructible part and support of culture and literature, art and moral values of the Kazakh people. Without the traditions of Islam, it is difficult to imagine the Kazakh culture. Islam was at different times and will be the main pillar of our spiritual development.

Many different cultural, scientific and spiritual centers functioned on Kazakh soil – Otrar, Sutkent, Turkestan, Syganak, Barshynkent, Kipchak, Arkok, Zhend, Isfijab-Sayram, Taraz, Balasagun. If we talk about only one Otrar, then we can say that he gave the world Abu Nasra al-Farabi and other gifted scientists, who each made their own contribution to world culture.

The vast majority of people know one great scientist – Abu Nasra al-Farabi (870-950). Did Otrar give the world only one Abu Nasr? Our studies show that more than 30 scientists, representatives of various branches of science, education, culture and religion were born and raised in only one Otrar. If information about the life and works of some of them has reached our time, then we know only about grains about others. However, they are very expensive for us.

The article highlights the life and creative heritage of a medieval thinker, scientific teacher, Islamic scholar, a native of the city of Zernuzh (Zernuk) – [Burkhan ad-din] al-Numan bin Ibrahim bin Khalil Taj ad-din al-Zernuji (1206), author of the religious-pedagogical Arabic-language work “Talim al-mutaallim tarik al-ulum”. He was born in the city of Zernuj (Zernuk) (Farabsky Vilayat), on the banks of the Saykhun River (Syr-Darya) in the middle of the XI century and died in 1206. Until recently, his work as a textbook was used in various madrassas of both the Arab countries and the Ottoman Empire.

**Key words:** Zernuj (Zernuk), Otrar (Farab), Islam, Mavenerennahr, the Holy Quran, ayat, hadith, Taliban, fiqh, Isfijab (Sairam).

А. Дербисали

Институт Востоковедения им. Р.Б. Сулейменова,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: absattarderbisali@gmail.com

### Мыслитель Отрарского вилаята

Ислам – великая цивилизация. Вклад ислама в историю человечества особо значим, так как под его знаменами происходил расцвет образования и науки, человечество воспаряло к высотам гуманизма и здравомыслия. Края, пожелтевшие как иссохшая степь, как высохшие русла рек, с появлением ислама превращались в луга с буйной и высокой травой.

Ислам начал внедряться в Среднюю Азию, в том числе в казахские земли, в VIII веке нашей эры. В решительной битве между китайскими войсками династии Тань и мусульманами на побережье Таласа в 751 году победа мусульман открыла путь на территорию Средней Азии не только исламу, но и беспрепятственному распространению его культуры. На казахские земли наряду со Священным Кораном пришла и исламская цивилизация. Ожились наука и образование. Были построены города. В них функционировали медресе и научные центры. Из среды местного народа вышли глубоко мыслящие ученые, в своих произведениях восхвалявшие гуманизм – Абу Наср ал-Фараби, Ходжа Ахмет Йасави, Йусуф Баласагуни, Джамал ад-дин Саид ат-Туркистани, Мухаммед Хайдар Дулати, Кадыргали Жалаири и др. Они являются гордостью не только казахского народа и Средней Азии, но и всей культуры мусульманского Востока. Их имена присвоены улицам и проспектам, университетам и научно-исследовательским институтам Казахстана. Мы гордимся ими. Оставленное великими учеными ценное наследие является кладезью для нас и всегда будет воодушевлять на великие дела.

Наши предки оставили большое духовное наследие. Мы должны не только освоить их, но и изучать, и почитать, потому что ислам – нерушимая часть и опора культуры и литературы, искусства и нравственных ценностей казахского народа. Без традиций ислама трудно представить себе казахскую культуру. Ислам был в разные времена и будет основным столпом нашего духовного развития.

На казахской земле функционировало много разных культурных, научных и духовных центров – Отрар, Суткент, Туркестан, Сыганак, Баршынкент, Кипчак, Аркок, Женд, Исфиджаб-Сайрам, Тараз, Баласагун. Если говорить только об одном Отраре, то можно сказать, что он дал миру Абу Насра ал-Фараби и других одаренных ученых, внесших каждый в отдельности собственную лепту в мировую культуру.

Подавляющее большинство людей знают одного великого ученого – Абу Насра ал-Фараби (870-950). Неужели Оtrar дал миру только одного Абу Насра? Наши исследования показывают, что только в одном Отраре родились и выросли более 30 ученых, представителей разных отраслей науки, образования, культуры и религии. Если сведения о жизни и трудах некоторых из них дошли до нашего времени, то о других мы знаем лишь круплицы. Тем не менее, они для нас очень дороги.

В статье рассматривается жизнь и творческое наследие средневекового мыслителя, ученого педагога, исламоведа, уроженца города Зернуж (Зернук) – [Бурхан ад-дина] ан-Нуьмана бин Ибрахима бин Халил Тадж ад-дин аз-Зернуджи (? – 1206), автора религиозно-педагогического арабоязычного сочинения «Таълим аль-мутаъаллим тарик аль-улум». Родился он в г. Зернудж (Зернук) (Фарабский вилайет), что на берегу р. Сайхун (Сыр-Дарья) в середине XI века и скончался в 1206 году. Его труды в качестве учебного пособия пользовались в различных медресе как арабских стран, так и Османской империи вплоть до недавнего времени.

**Ключевые слова:** Зернудж (Зернук), Оtrar (Фараб), Ислам, Мавереннахр, священный Коран, аят, хадис, талиб, фикх, Исфиджаб (Сайрам).

## Кіріспе

Әр жылдары жарық көрген «Қазақ тарихына» қарасақ, «баяғы жартас – бір жартас». Онда Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Әбу Насыр әл-Фараби, Қожа Ахмет Йасауиден басқа ешкім де аталмайды. Олар жайлы мағлұматтардың өзі қысқаша ғана. Соңғы 20-30 жыл беделінде мен қазақ даласынан шыққан 200-ден астам ғалымдар мен руханият қайраткерлері, даналар мен ойшылдарды таптым.

Даланың дана перзенттерінің аты-жөні қала, қыстақ, түрлі мекен аттарына байланыстырылатындар әдетте түркістанилер (шауғарилер, йасауилер), исфиджаби – байдауи – сайрамирлер, сығнақилер, иканилер, аркөкилер, сауранилер, жендилер, таразилер, мерки, құланилер, баласағунилер деп аталса, ал ру-тайпаға қатыстылар дулатилер, қыпшақилер, найманилер, кердерилер, қоңыратлилер, адайи болып келеді.

X-XVI ғасырларда ғұмыр кешкен Тараздан шыққан 60-тан астам таразилерді де ғылыми айналымға енгіздім. Олар жайлы бұрын сөз етілмеген, жазылмаған, пайдаланылмаған, түрлі қолжазбалардағы тың деректерді пайдаланып 360 беттік монография жазып біттім. Бұл – жаңа да тың дүние. Оны 2019 жылы өткен Жамбыл облысының 80 жылдығына арнап едім. Ол жайлы облыс басшыларына да айтқанмын. Бірақ қызығушылық болмады.

## Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Бұл күндері мен тапқан отырарлық ғалымдардың саны 30 (отызға) жетті. Бұрын жұрт тек Әбу Насыр әл-Фарабиді (870–950) ғана білетін. Түрлі кездесу, сұхбаттарда халық менен Әбу Насыр сияқты данышпанды дүниеге әкелген Оtrarдан басқа ешкім шықпаған ба

деп сұрап жағады. Әл-Фараби ағындағы Қазақ ұлттық университетінде, одан кейінгі жылдары дипломатиялық және діни қызметтерде болғанда Мұсылман шығысы ғана емес, сондай-ақ талай Еуропа жұрттарында да болдым. Кітапханаларын араладым. Олардың қорларымен танысудың сәті түсті. Тарихымыз, мәдениетімізге тікелей қатысы бар ондай асыл дүниелердің кейбірінің көшірмелерін елге алып та келдім.

Отырар маңында бірнеше қамалдар мен бекіністер болған. Солардың бірі – Сырдария бойындағы Зернүк (қамалы). Арабтар оны «Зарнудж» (Зернудж) деп жазған. Негізгі мақсат Зарнуджден шыққан бір ойшыл туралы жаңа да тың деректерге оқушы назарын аудару.

## Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде талдау, нақты тарихи және салыстырмалы-салғастырмалы әдістер қолданылды. Зерттеу жұмысын зерделеу барысында нақты тарихи әдіс ұстанғандықтан да, ғылыми зерттеу жүргізудегі негізгі әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

## Нәтижелері және талқылама

**Зернүк [Зарнудж, Зернудж] Зернуджи.** «Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамада» (Алматы 2010) Сыр бойындағы Зарнудж қаласы (қамалы) жайлы: «*Зернүк (Зарнудж, Зернудж) Оксус, Уасидж – Қазақстанда I-IV ғасырлар арасында болған қала немесе қамал яки қорған. Онда ұлы ғалым Әбу Наср әл-Фараби (870-950) дүниеге келген. Оның қираған орны – Түркістан облысы Қызылқұм ауданындағы Маяқұм аулынан солтүстікке қарай 5 шақырым жерде. Қала ерте ғасырларда алғашқыда Уасидж деп аталған. Ал ғылыми әдебиеттерде Оксус ретінде белгілі. XIII ғасырдан бастап Зернүк деген атқа ие болды. Қаланың атауы алғаш рет армян патшасы Гетумның XIII*

ғасырлардың ортасында Қарақорымдағы Мөңке хан сарайына келген елшілігі туралы қолжазбаларында хатқа түскен. Әбу Абдаллаһ Мұхаммед бин Ахмед бин Йусуф әл-Хорезми (?-997) жазбаларына қарағанда "Зернүк" – сол заманғы су көтеретін шығырлардың бір атауы. Қала орнында жүргізілген зерттеулер мұнда дамыған шығырлы егіншілік жүйесінің, бірнеше шығыр шұңқырлардың болғанын анықтады. Осыған қарағанда Мұхаммед бин Ахмед бин Йусуф әл-Хорезми пікірі талас тудырмайды. Қала мен оның айналасындағы кішігірім қоныстар суды 7 шақырым жердегі Ақарық арнасынан алған. Қазір қала орны бес бұрышты төбе түрінде сақталған. Қала орнын 1900 ж. Н.В.Руднев, 1947 ж. А.Н. Бернштам зерттеген, 1975 ж. Оңтүстік Қазақстан архел.экспед. (жетек. К.Ақышев пен К.Байпақов) қазба жұмысын жалғастырды» (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтама, 2010: 303) деп жазылған.

Әйтсе де Ақсақ Темір (1336-1405) туралы жазбаларда Зернук, Зернуджидің Сырдарияның (Сейхунның) батысы емес, шығыс жағалауында екендігі айтылады. Онда «Ақсақ Темір Сейхун өзенінен, мұз үстімен өткеннен кейін Зернукте аялдады, сонан соң (қала әкімі) Бердібектің үйіне келді». Сондай-ақ «Зернүк – Сырдарияның төменгі ағысының солтүстік жағалаудағы қамал» (251бет) деген де мәліметтер берілген. (Амир Темир в мировой истории: 200, 228, 251).

Сырдария мен Отырар арасындағы бірнеше төбелердің бірін жергілікті жұрт Алтынтөбе деп атайды. Тарихшы, археолог ғалымдар сол Алтынтөбені Зернүк (Зернудж) деп санайды.

Осы Зернүк, Зернудж ғалымдардың да отаны болған. Одан шыққан Зернуджи ныспылы ойшыл бар. Оның аты-жөні – Нұғман бин Ибраһим ибн Халил Тадж ад-дин аз-Зернуджи. Базбір деректерде оның ныспысы «Бурхан әл-Ислам, Бурхан ад-дин» (Бурхан әл-Ислам атымен көбірек мәлім – Ә.Д.) делінген. Тағы бір жазбаларда Имам ан-Нұғман ибн Ибраһим ибн Халил (Тадж ад-дин) аз-Зернуджидің XII ғасырда дүниеге келіп, 1206 жылы бақилық болғаны айтылады. Алғашқы білімді ол Отырарда алған. Кейінірек «әл-Һидаяның» авторы ортаазиялық көрнекті ғалым Әбу-л Хасан Бурхан ад-дин Әли бин Әбу Бакр бин Абд әл-Джалил әл-Фарғани әл-Маргинани ар-Риштаниден (1123–1197) тағлым алып, өзі де соңыра «Тағлим әл-мутағаллим ли-тағаллум тарик әл-илм» атты шығарма жазған. «Бұл кітап жеңіл тілді, өте пайдалы, көлемі жағынан шағын, түсінуге оңай. Алла Тағаланың

арқасында оны біз пайдаландық, одан әртүрлі мәселелерге байланысты дәйектемелер келтірдік» деп жазады ортағасырлық оқымысты Махмұд ибн Сүлеймен әл-Кафауи (?–1583). Дәл осы жолдарды үнді ғалымы Абд әл-Хайй әл-Лакнауидің (1848–1886) «әл-Фауаһид әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа» атты кітабынан (Бейрут 1998:93) да оқыдым.

Толық аты жөні мен өмірі туралы мәліметтер өте аз. Ол негізінен Бурхан ад-дин немесе Бурхан әл-ислам деген лақап аттарымен белгілі. «Исмаил паша әл-Бағдадидің (?-1920) «Ғадиату-л арифинінде» (I том, 13 бет) ол Ибраһим аз-Зернуджи деп аталса (I, 13 бет) да, бұл ақпараттың шынайылығы күмән тудырады» деп жазады түрік ғалымы Мехмет Фарук Байрактар. Одан әрі ол «Туған жері Зернудж (Зернук / Зурнүк) шамамен I-XV ғасырларда болған, қазіргі Қазақстанның оңтүстігі Қызылқұм ауданындағы Маяқұм ауылынан солтүстікке қарай 5 шақырым жерде. Зернуджидың ұлты туралы да әртүрлі пікірлер бар. «Ислам энциклопедиясындағы» мақаласында М. Плеснер оны араб философы ретінде таныстырғанымен (IV том, 1287-1288), бұл мәліметтің нендей дерекке негізделгені айтылмаған. Сол дүниенің екінші басылымында («Ислам энциклопедиясы» XI том. 501 бет) да Зернуджи дереккөзі көрсетілместен шығыс Ираннан шыққан дей салынған.

Батыс зерттеушілерінің кейбірі өз еңбектерін араб тілінде жазған мұсылман ғалымдарының барлығын араб дейтіні бар. Дегенмен мұндай пікірді абайлап айту керек. Ол кезде ислам елдерінде білім тілі араб тілі болғаны рас. Ал, Зернуджидың бұл тілді жақсы білуі және бұл тілде шығармаларын жазуы оның араб екенін білдірмейді. Ол өмір сүрген аймақта түркі халқының үстемдік еткенін ескерсек, оны түркі халқынан шыққан ғұлама деген деректің шынайы болу мүмкіндігі арта түседі. (Ислам энциклопедиясы. Анкара 2013: 294-295).

Сонымен Зернуктік, Зернудждік парасат иесінің есімі – Ан-Нұғман деуге болады. Лақабы – Бурхан әл-Ислам немесе Бурхан ад-дин». Ол «Бұхарада һижраның 640// 1242 жылы жұма, ашура күні (10 мұхаррам) дүниеден өткен. Сол шаһардағы Дарб Хаджиінде жерленген. Зарнудж – түркілердің қалаларының бірі. Ол фиқһты шейх Заки ад-дин әл-Карахиден (Кархиден) оқыды «Мақамаға» түсіндірме жасады және оны «әл-Мудаддаһ» (түсіндірілген) деп атады» деп жазады «әл-Жауаһир әл- мудия фи табакат әл-ханафия» атты еңбегінде Әбу Мұхаммед Мухий ад-дин Абд әл-Қадыр ибн Мұхаммед бин

Мұхаммед бин Насруллаһ бин Салим әл-Құраши (1297-1373) әл-Жамали әл-Мисри әл-Ханафидің (1399–1474) және дәл осыған ұқсас жолдарды Зайн ад-дин Әбу-л Қасым Ибн Құтлыбұға ас-Судунидің (1399-1474) «Тадж ат-тараджимінен» де кездестірдік.

Меніңше бұл жерде ан-Нұғман аз-Зернуджи өзінен шамамен жүз жылдай бұрын өмір сүрген атақты әдебиетші Әбу Мұхаммед әл-Қасым ибн Әли әл-Хариридi (1054–1122) және оның түрлі әңгімелерден құралған атақты шығармасы «Мақамаларын» айтып отырған сияқты. Соған карағанда зернудждік ойшыл араб әдебиетіне де жақын болған.

Түрік ғалымы Йусуф Зия Кавакши «X–XII ғасырлардағы карахандықтар дәуірі Мауараннаһрдегі Ислам заңгерлері» атты зерттеуі (Ankara1976) 262 бетінің «аз-Зернуджи Бұрхан ад-дин» атты қысқа тарауында Отырар өлкесі ойшылын «Бұрхан ад-дин Зернуджи әл-Фарғани» деп көрсетеді де Үнді ғалымы Абд әл-Хайй әл-Лакнауидің «әл-Фауаһид әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа» атты еңбегінде (93 бет) оны «факиһ (мұсылман заңгері) еді» деп еске алғандығын айтады. Йусуф Зия Кавакши әрі қарай оның «аз-Зернуджи деген нысыпы Мауараннаһрдегі бір қаланың атымен байланысты» (262 бет) дей отырып Омар Рида Каххала (1905–1987) мен Лакнауиге сілтеме жасайды.

Аз-Зернуджидің қайтыс болған жылын О.Р.Каххала 593//1196, ал К.Брокельман 600//1203 жыл деп көрсеткен, яғни олар әр түрлі мерзімді атаған.

Жазба деректерде де Зернуджидың қайтыс болған мерзімі туралы мәліметтер де сан түрлі. Саркис оны VI ғасырда (XII ғ.), К.Брокельман 600//1203), О.Р. Каххала 593 //1197 жылдары тірі болған десе, Исмаил паша әл-Бағдади 610//1213 жылы қайтыс болған дейді. Ахмед Фуад әл-Ихуани оның қайтыс болған мерзімін 591 жылы (1195) деп көрсеткен. Ортағасырлық ғалым Кафауи Зернуджиды Ханафи ғалымдарының жиырма бірінші ұрпағы қатарына жатқызған (144). Осыған сүйене отырып, Вильгельм Альвард (Wilhelm Ahlward) Зернуджиды 620 жылдары (1223) тірі болуы мүмкін десе, М.Плеснер мен Дж.П. Баркаидың пікірінше оның өмір сүрген кезеңі сәл ертерек болу керек» (Ислам энциклопедиясы (екінші басылымы) XI том, 501бет). (Ислам энциклопедиясы... 294-295-беттер).

Зернуджидың «Тағлим әл-мутағаллимінде» оның Фахр ад-дин Хасан бин Мансур бин Махмуд әл-Узганди әл-Ферғани Кадихан (?-1196) сондай-ақ Бұрхан ад-дин әл-Маргинани

(1123-1197) сияқты ұстаздарының және онымен араласқан өзге де ғұламалардың қайтыс болған жылдарын ескерсек, Зернүк ойшылы VI ғасыр соңында (XII), немесе VII ғасыр басында дүниеден өткені деп шамалауға болады. Йусуф Зия Кавакши Зернуджиды Карахандар кезеңіне (XI және XII ғасырлар, 262-бет) жататын ислам заңгерлерінің бірі санайды. Алайда, Зернуджи қайтыс болғаннан кейін заңгерлігімен емес, ғалымдығымен танылды.

Ан-Нұғман жайлы Құраши, Кафауи, осман тарихшысы, библиограф Молла Катиб Челеби деген атпен танымал Хаджи Халифа нысыпымен мәлім Маула Мұстафа бин Абдаллаһ әл-Құстантини ар-Руми әл-Ханафи (1608–1657), Омар Рида Каххала, Абд әл-Хайй әл-Лакнауиден басқа көрнекті неміс шығыстанушысы Карл Брокельман (1868-1956), исламтанушы, тарихшы профессор Әшірбек Момынов та қалам тербеген.

Зернуджи туралы мәлімет өте аз болса да, бүгінге жеткен жалғыз еңбегі – «*Тағлим әл-мутағаллим*» оның білімді және жан-жақты кісі болғандығын байқатады. Хазреті Әли, Абдулла бин Аббас, Жафар ас-Садық, Имам әл-Бұхари сияқты мазһабтар шыққанға дейін өмір сүрген ғұламалардан басқалары ханафи заңгерлері еді. Олардың арасында Имамзаде есімімен белгілі Рукн әл-ислам Мұхаммед бин Әбу Бакр, Шараф ад-дин Умар бин Мухаммед Акили, Хаммад бин Ибраһим, Әбу Бакр әл-Касани, Кадихан, Бурхан ад-дин әл- Маргинани, Мұхаммед бин Йусуф әл-Фарғани, Раддий ад-дин ан- Нишапури, Муйад ад-дин бин Мұхаммед бин Әли ат-Туси, Садид ад-дин аш-Ширази секілді ұстаздары да бар.

Зернуджидің есімі «*Тағлим әл-мутағаллим тариқ әл-улумнан*» басқа шығармаларда кездеспейді және де ол осы еңбегінің арқасында ғана танымал болды. Сулеймания кітапханасындағы қолжазбалар ішінде Зернуджимен бір кезде жазылған «Касидежи-заде» (Сулеймен Сирри 434//081) «Минһаджу-л тағлум фи унмузадж әл-улум» және басқа да жазбалардан ол туралы мәлімет кездеспеді. Зернуджидың өз шығармасында ұстазы Бұрхан ад-дин әл-Марғинаниді рахимуллаһ (марқұм) деуі (57, 95, 109) оның еңбегі әл-Марғинани қайтыс болған 593 (1197) жылдан кейін жазылғанын байқатады. Теодора М.Абель және Густав фон Груюнебаум бұл оқиға 599 (1203) жылы болған деп санайды.

Аз-Зернуджидың аталмыш дүниесі білім кеңістігіндегі кемшілікті толтырып, көлемі шағын және еркін стильде жазылуының арқасында қолдан қолға өтіп, танымал болды. Еңбектің

бірнеше рет басылуы мен түсіндірмелерінің көлемділігі, шығарманың білім беру саласында үнемі қолданыста болғанын байқатады. «*Тағлим әл-мутағаллим*» туралы қалам тербегендер зерттеушілер (түсіндірме жазғандар) шығарма әсіресе студенттер арасында көп қызығушылық тудырған. Түркияда ол Конституциялық монархия жарияланғаннан кейін Османдық медреселерде оқулық ретінде пайдаланылды». (Ислам энциклопедиясы... 294-295).

Ан-Нұғман аз-Зернуджидің аталмыш еңбегі соңғы рет 2009 жылы Дамаскіде жарық көрді, көлемі 256 бет. Шығармаға (шарх) түсіндірме жазған – әл-Аллама Ибраһим бин Исмайыл. (X//XVI ғасыр). Еңбекті дайындап бастырған – Абд әл-Жалил Ато.

Он үш бөлімнен тұратын «*Тағлим әл-мутағаллимнің*» барлық бөлімдерінің тақырыптарын қысқаша тәпсірлесек, оның, бірінші бөлімінде автор ғылымның табиғаты мен артықшылығына назар аударады. Әрбір мұсылман оның орналасқан жеріне қатысты қажетті мәліметтерді алуы мүмкін екендігі көрсетілген. Ғылымның ниетпен байланысы түсіндірілетін екінші бөлімінде, оқушы Алланың келісімімен оқуы және тәлім беру ниетімен дәрісті бастауы керектігі айтылған. Үшінші тарауда дәріс, ұстаз және дос таңдаумен қатар, ғылым жолында табандылық көрсету қажеттілігі жайлы айтылған. Оқушы қалаған саланы таңдаудағы еркінділігі және таңдау кезінде назарға алынатын шаралар туралы да айтылған. Төртінші тарауда мұғалім, білім және кітапқа деген құрмет сөз болған. Бесінші тарауда сабақты жалғастырудың маңыздылығы және оқудағы үздіксіздік принципі атап көрсетілген, оқытудың тиімді тәсілдеріне баса назар аударылған. Алтыншы және жетінші бөлімдерде дәрістердің басталатын уақыты, көлемі, ұйымдастырудың әдістері мен жетістіктері айқындалған. Сегізінші тарауда өмір бойы білім алу принципі және оқудағы тиімді уақыт қарастырылған. Тоғызыншы тарауда мұғалімнің оқушыға деген махаббаты мен бауырмалдығы, оныншы тарауда оқушының мұғаліммен жұмыс істеу тәсілдері, он бірінші тарауда оқушының жетістігіне теріс әсер ететін жаман әдеттер мен мінездер сөз болған. Он екінші тарауда есте сақтау қабілетін күшейтетін немесе ұмытшақтыққа әкелетін жағдайлар жайы және осыған байланысты пайдалы кеңестер ұсынылған. Соңғы бөлімде оқушылар мен ересектерге өмірдің, денсаулықтың жақсаруы немесе нашарлау жағдайларын білуі қажет екендігі айтылған.

Аз-Зернуджи өз еңбегінде жүйелі білім беру әдістері туралы, сонымен қатар сұрақтар мен жауаптар, әңгімелер, проблемалар сияқты кейбір дидактикалық әдістерді мысал еткен. Дәрісті оқытушылардан жеке тыңдаудың және оқудың маңыздылығын атап көрсеткен. Оқушы өз оқытушыларынан алынған ақпаратты қайталауды қажет деп есептейтініне қарамастан, ол жаттау әдісін сынға алған; Сұрақ-жауап және талқылау әдістерінің артықшылықтарына назар аударған. «*Тағлим әл-мутағаллим*» оқырман үшін пайдалануға оңай әдіс және жеңіл стильде жазылған. Сол себепті ғасырлар бойы танымал, әрі қолданыста болды. Қысқасы, еңбекте мүмкіндігінше аят, хадис, сонымен қатар, атақты ғалымдар, әдебиеттанушылардың даналық сөздері, хикаялары мен өлеңдерінің пайдаланылуы, оның құндылығын арттырып, танымал етті. «*Тағлим әл-мутағаллим*» осындай ерекшеліктерімен Ибн Саһнунның (?-870) «*Адабу әл-мугаллимин*» және Кабисидың (?-1012) «*ар-Рисалат әл-муфассила ли-ахуалил мутағаллимин уа ахками-л мугаллимин уа мутағаллимин*» атты шығармаларымен қатар толығымен білім беру тақырыптарын қамтитын, сондай-ақ ислам білім тарихы алаңында із қалдырған шығармалардың бірі саналады. Тіпті Хиттидің айтуынша ең танымал шығармалар қатарында. Сондай-ақ шығармада ілімдерге байланысты кейбір мәліметтер сынға алынады. Алайда, осы кезеңдегі халық мәдениетінде нық орын алғаны үшін бұндай деректер маңызды болуы мүмкін. (Ислам энциклопедиясы... 294-295).

Ан-Нұғман аз-Зернуджи «*Тағлим әл-мутағаллимнің...*» «Кіріспесінде» кітабын жазудағы мақсатын төмендегідей жолдармен түсіндірген: «*Адам (ғ.с.) ұрпағын білім және әрекеттерімен өзінің Жаратқандарының бәрінен жоғары көтерген Аллаға мадақ, араб және араб емес-тердің де мырзасы Мұхаммедке (с.ғ.с.), білім мен даналықтың қайнары болған жанұясы мен сахабаларына Алланың жарылқауы мен сәлемі болсын.*


*Қазіргі кезде мен білімге ұмтылғандар мен оған жете алмаған талибтерді (білім іздеушілерді) көріп жүрмін. (Олар ілім алса да оның пайдасы (ол үлкен немесе кіші болса да) мен жемісінен мақұрым. Өйткені олар білім алу жолынан (тәсілінен) қателесті және соған байланысты шартты орындай алмады. Жол таңдай алмағанның әрбірі адасады һәм мақсатына жете алмайды.*

*Сол себепті мен (діни білім алғысы келетіндердің бәріне) өзім тапқан кітаптардан және*

білімді дана тәлімгерлерімнен естігендеріме сүйеніп жетістігімнің арқасында қиямет қайым күні құтылу үшін оны (ілім, білімді) шын ықыласпен зерделегесі келетіндердің өтінішіне орай түсіндіруді жөн санадым.

Өз еңбегімді «Тағлим әл-мутағаллим...» (Білім алудың тәсілі) деп атай отырып, оны төмендегідей тарауларға бөлдім:

Діни ғылымдардың негізі. Фикһ (мұсылман заңы) ғылымы. Білімнің құндылығы;



Ан-Нұғман аз-Зарнуджи. Шарх тағлим әл-мутағаллим тариқ ат-тағаллум. Дамаск 2009, 256 бет

Ғылымды зерделеудегі ниет;

Ғылым, ұстаз, жолдас таңдау мен ондағы тұрақтылық;

Ғылым мен ғалымдарды құрметтеу;

Ыждаһат, табандылық және тырысу;

Ғылымды зерделеудің басы мен кезеңділігі.

Бір Аллаға тәуекел ету.

Ғылым үйрену уақытының сәті.

Қиналу (қасырет шегу) мен тілектестік.

Білім алудың әдебі.

Оқу кезіндегі құдайшылық.

Жадтың нашарлауының себебі мен оны жақсартудың тәсілі.

Ризқты не нәрсе көбейтеді және азайтады. Өмірді не ұзартады және қысқартады» депті.

Мұнда белгілі бір ғылыми жүйелілік байқалады. Шынында да ғалым еңбегінің әрбір тарауы шағын тараушаларға бөлінген. Автор

өз ойын дін тұжырыммен аяқтап, қасиетті Құранның мұбарак аяттары, хазіреті Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистері, белгілі діни қайраткерлерінің даналық сөздері және пайдалы да ғибратты ойларымен қорытып отырған.

Бірінші тараудың бірінші тараушасына да көз жүгіртейік:

«Алланың елшісі (с.ғ.с.): «Білім алуға талап қылу – әрбір мұсылман ер мен әйелдің міндеті» деген.

Білімнің дәрежесі:

Өмір – тіршіліктің барлық жағдайында білім алу – кез-келген адамға қажет ас сияқты.

Білім – әрбір адамға белгілі бір жағдайда керек. Өйткені ол ауру кезде қажет болар дәрі іспетті.

Ал енді болашақты болжау (астрология) ауруға ұқсас. Болашақты болжауды үйрену (зерделеуге) тыйым салынған, өйткені ол жайлы білім тек қана зарарын (зиянын) тигізеді. Одан пайда жоқ. Себебі тағдырдан және Алланың қа-

дарынан (жазмышынан) құтылу мүмкін емес» дейді ол.

Ан-Нұғман аз-Зернуджидің еңбегі осы күнгі білім іздеушілер үшін де пайдалы, өзектілігін жоғалтпағандығын айтқан жөн. «Ғылымды зерделеудің басы, кезеңі» атты алтыншы тараудың «Пікірталаста сақ болу» тараушасында ойшыл: «Пікірталас кезінде ашушаңдық пен ашуланудан абай болған жөн. Өйткені пікірталас пен талқылау – ақылдасу, ал ақылдасудағы мақсат – шындықты ашу. Ал оған ой жіберу ойланусыз, тыныш жағдайсыз, бір біріне деген әділдіксіз қол жеткізуге болмайды, яғни айқай және ашумен мақсатқа жету мүмкін емес» деген.

Ан-Нұғман аз-Зернуджи жоғарыда айтылғандай өз кезінің бірқатар көрнекті ғалымдарынан тағлым алды. Олар «әл-Һидаяның» авторы Әли ибн Әбу Бәкір ар-Риштани әл-Марғинани (1123–1197), Әбу-л Махамид Қауам ад-дин Хаммад бин Ибраһим ас-Саффар (ХІҒ.), Әбу-л Махасин Фахр ад-дин Хасан бин Мансур бин Махмуд әл-Узганди әл-Фарғани Кадихан (?–1196), Әбу-л Махасин Садид ад-дин, Имамзаде (1098–1177) деген атпен белгілі «Ширату-л Ислам ила дарис ас-салам» атты шығарманың авторы Рукн әл-Ислам Мұхаммед бин Әбу Бәкр Ибраһим әл-Бұхари аш-Шарғи және Садид ад-дин аш-Ширази.

Ас-Саффардан кезінде Ифтихар ад-дин Таһир бин Ахмед бин Абд ар-Рашид әл-Бұхари (1090–1147) дәріс алған. Соған қарағанда ан-Нұғман шынында да ХІІ -ХІІІ ғ. өмір сүрген. Ол туралы «әл-Жауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа» атты еңбегінде ортағасырлық қаламгер әл-Құраши да бірер жолдық мағлұмат қалдырған (әл-Құраши. Жауаһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа, 2005).

«Әл-Һидаяның» авторы Әбу-л Хасан Бұрһан ад-дан бин Әли бин Әбу Бәкр бин Абд әл-Жалил әл-Ферғани ар-Риштани әл-Марғинани (1123–1197) еді дегеннен шығады Ан-Нұғман аз-Зернуджи сол ұстазының отаны қазіргі Марғұлан мен Ферғанада да болған. «Әл-Һидаяны» Орта Азия жұрты жазылған уақыты орта ғасырлардан бастап 1924 жылға дейін сот жүйесінде пайдаланып келді. Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен соң оны қолданыстан шығарып тастады.

Енді «Тағлим әл-мутағаллимнің...» тағы бір тараушасына тағы да үңілейік. «Дананың өсиеті» атты тараушада автор «Дана шәкіртіне: «Бұхараға аттанған кезде ұстаз таңдауда асықпа, барлығын ойлан, сабыр сақтап күт. Ғалымға барып, одан дәріс ала бастағанда, сабақтары ұнамай, сен одан кетіп, өзге ұстазға

баратын жағдай да болады, ондайда сабағыңда береке болмайды. Сол себепті кейінірек одан бас тартып жүрмес үшін және дәрістерің игілікті һәм сабақтар пайдалы болуы үшін лайықты тәлімгер таңдау алдында ойлан. Сонда ғана сен оның жанында қаласың» деп жазған. Бұны қалайша әдемі ой, келісті пікір, орнықты ұсыныс демеске.

Айта кетерлік бір жайт – Ан-Нұғман аз-Зернуджи аталмыш еңбегінде Әбу Ханафи мазһабын негізін алған Орталық Азия ғана емес, сондай-ақ әлемнің біраз мұсылмандары ұстанып келе жатқан Ханафи мектебіне үлкен құрметпен қарайтынын аңғартады. Ол Әбу Ханифаны (699-767) ұстазым дей отырып оның және Ортаазиялық бірқатар ойшылдардың аттарын атаумен қатар, еңбектерінен де дәйектемелер келтіріп отырады.

Ан-Нұғман аз-Зернуджидің «Ұстаздың балаларына құрмет» атты тараушасы да – ғибратты дүние. Онда ол былай дейді: «Ұстазға, оның балаларына және онымен байланысты кісілерге де (оның өзге де туған-туыстарына) құрмет көрсету керек. Біздің тәлімгеріміз ислам шейхы «әл-Һидаяның» авторы (әл-Марғинани) «Дін дәлелінде»: «Бұхараның ұлы имамдарының бірі, сабақ кезінде кейде орнынан тұратын. Оның себебін сұрағанда: «Менің тәлімгерімнің ұлы жолда балалармен ойнап жүр. Кейде мешіт есігіне жақындайды. Мен оны көргенде орнымнан тұрамын. Сол арқылы ұстазыма құрмет көрсетемін».

Сөйтіп автордың «Кіріспесінде» көрсетілген тарау аттарымен жоғарыда таныстырдық және оның кейбір тараушыларына тәржіма да жасасақ та шығарманың жалпы мақсаты түсініктірек болу үшін тағы бір тараудағы тарауша аттарымен де таныса кетейік:

Ғылым таңдау  
Пікірталастың зияны  
Тәлімгер таңдау  
Кеңес берудің маңыздылығы  
Адамдардың дәрежелері  
Данагөйдің өсиеті  
Бірінші кезектегі негіз  
Сабыр  
Оқуда жолдас таңдау  
Достықтың әсері

Ан-Нұғман аз-Зернуджи аталмыш дүниесінің барлық 13 тарауында қасиетті Құран мен хазреті Мұхаммедтің (с.ғ.с) хадистерінен басқа Мұхаммед ибн Хасан, Наср ад-дин Әбу-л Қасым, Имам аш-Шафиғи, Хаммад ибн Ибраһим, Исмаил ас-Саффар әл-Ансари, Әбу Ханифа, Әбу



Абдаллаһ Мұхаммед бин Әбу Бакр әл-Йусуф ибн Халид ас- Фаргани Самти, Әли ибн Бакр, Жағфая ас-Садық, Суфиян ас-Саури, Әбу Заид ад-Дабуси, Имам Фахр ад-дин әл-Арсабанди, әл-Халуани, Әбу Баф аз-Заранджари, ас-Сарахси, Кадихан, Мадж ад-дин ас-Сурхакти, Мұхаммед ибн Исмаил әл-Бұхари, Әбу ат-Тайиб, Ради ад-дин ан-Найсабури, Әбу Насыр ас-Саффар әл-Ансари, Әбу Талиб, Хасан ибн Әли, Йусуф әл-Хамдани, Халифа һарун ар-Рашид, Шараф ад-дин әл-Укайли, Әбу Саид Халил ибн Ахмед Саджзи, Фахр ад-дин әл-Кашани, Ибн Аббас, Әбу Хафс, Мұхаммед Фахр ибн Хасан, Шейх әл-Ислам Әли бин Мұхаммед әл-Исфиджаби Самарканди, Абдаллаһ ибн әл-Харис Зубайди, Мансур әл-Халладж, Мұса пайғамбар, Хұсам ад-дин, Тадж ад-дин, Әбу Фатх әл-Бұсти, Нилал ибн Йасар, Ас-Садр аш-шаһид Хусам ад-дин, Шамс ад-дин, Исам ибн Йусуф, Йахиа ибн Муаз ар-Рази, Мұхаммед ибн Фазл, Заһид хадж Наджм ад-дин Умар ибн Мұхаммед ан-Насафи, Шаддад ибн Хаким, Имам Наср ибн Хасан әл-Марғинани, Әбу Аббас әл-Мұстағфири іспетті кісілердің де аттары аталады. Олардың ғибратты ой-пікірлері, ізетке, сый-құрметке лайық іс-әрекеттерін сипаттайды, әңгімелейді. Бір қызығы 6-тараудың «Ғылымдағы табандылық» атты тараушасында қазақ жерінің Исфиджаб – әл-Байда–Сайрам қаласынан шыққан шейху-л Ислам Әли ибн Мұхаммед әл-Исфиджаби ас-Самарканди (1062–1141) туралы да әңгіме келтірілген: *«Шейху-л Ислам Исфиджабидің мемлекеттік төңкеріске байланысты сабағын 12 жылдай үзуіне тура келді. Сол себепті ол жолдасы екеуі оқуларын жалғастыруға мүмкіндігі бар жерге аттанды. Олар 12 жыл бірге ғылымды зерделеді де жолдасы Шафиги мазһабы бойынша шейху-л ислам деңгейіне жетті. [Әли бин Мұхаммед әл-Исфиджаби] шафигит, ал жолдасы ханнафит болатын. Бұл екі мазһаб расында өзара аса көп айырмашылық жоқ екенін білдіреді»*.

Нұр-Мұбарак университетінде шейху-л Ислам Әли ибн Мұхаммед әл-Исфиджабидің өмірі мен шығармашылығына арналған профессор Әшірбек Момыновтың жетекшілігімен Бағдад Манабаев 2017 жылы философия ғылымының докторы (Phd) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғады.

Ан-Нұғман аз-Зернуджи шығармасында жоғарыда аталғандардан әсіресе Мұса Пайғамбар, төртінші халифа Әли ибн Әбу Талиб және оның ұлы Хасан ибн Әли, халифа һарун ар-Рашид, сондай-ақ сүнниттердің 4 діни мектебінің бірінің негізін қалаушы имам аш-Шафиги (767–820) һәм

Орта Азиядан шыққан көрнекті дін және ғылым қайраткерлері Әбу Заид ад-Дабуси (?–1039), Әбу Бакр аз-Заранджари (1036–1118), Мұхаммед бин Ахмед ас-Сарахси (1009–1090), Әбу-л Махасин Фахр ад-дин Хасан бин Мансур бин Махмұд Кадихан әл-Узганди әл-Фаргани (?–1196), Мұхаммед ибн Исмаил әл-Бұхари (810–870), Заһид хадж Наджм ад-дин Умар ибн Мұхаммед ан-Насафи (1068–1142), имам Наср ибн Хасан әл-Марғинани, Джағфар ибн Мұхаммед әл-Мұстағфири (1040) секілді дәуір даналарына көңіл бөлінген.

Жерлесіміз Исфиджабидің толық аты-жөні – Әли ибн Мұхаммед бин Исмаил бин Әли бин Ахмед әл-Исфиджаби ас-Самарканди. Ол өз кезінде Мауараннаһрдегі Орта Азия мен Қазақстанға белгілі ханафит ғалым еді. Марғұлани мен ас-Самғани ұстазы болатын. 1141 жылы Самарқанда дүниеден өтті. Исфиджабтық дана жайлы осы күнгі түрік ғалымдары, профессор Ахмет Өзел (Hanefi Fikih alimleri. Ankara 2013,64-бет), Йусуф Зия Кавакши (XI –XII. Asirlarda Karahanlilar devrinde Mavara al-Nahz Islam hukukculari. Ankara 1976,82-85-беттер), ортағасырлық ғалым Құраши («Джауаһир әл-мудийа фи табақат әл-Ханафийа. Рияд 1993,III том,360-бет»), Ибн Қутлутуға. (Тадж ат-тараджим. Дамаск 1992, 410 бет), әл-Маула Мұстафа бин Абдаллаһ әл-Құстантани ар-Руми әл-Ханафи (Катиб Челеби) яғни Хаджи Халифа. (Кашф аз-зунун ан асами әл-кутуб уа-л фунун. Бейрут,1992, I том 702бет), көрнекті неміс ғалымы Carl Brokelmann. Geschichte der arabischen Litteratur, Erster supplementband. Leiden-Brill 1937,I том, 837 бет;), Хайр ад-дин аз-Зирикли. (әл-Ағлам. Бейрут 2005, IX том, 319 бет), Омар Рида Каххала. (Мұғждам әл-муаллафин. Бейрут [ж.көрсетілмеген] III том, 319 бет); Ташкубризаде деген атпен белгілі Ахмед бин Мұстафа. (Мифтах ас-сағада уа мисбах ас-сиада фи маудуғат әл-улум. Бейрут 2002, 3том, Абд әл-Хайи әл-Лакнауи. (Әл-Фауаһид әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа, 1998). «Ислам энциклопедиясы». Стамбұл 1998: 180-182) біраз зерттеу жазған.

Исфиджабтық ғалым туралы мұсылман елдері ғана емес, сондай-ақ Еуропа ғалымдары да қалам тербегеніне қарағанда, қазақ жерінің Сайрам қаласынан шыққан Әли әл-Исфиджаби шынында да көрнекті ғалым болған.

Бірақ ан-Нұғман аз-Зернуджи жерлесі Әли бин Мұхаммед әл-Исфиджаби, яғни Сайрам перзентін білетін, яки білмейтіндігі жайлы ештеңе айтпаған.

Осы ретте, артық етпес, Әли ибн Мұхаммед бин Исмаил бин Әли бин Ахмед әл-Исфиджаби

ас-Самарканди, шейху-л ислам (1062-1140) тура-лы қолда бар деректерді де келтіре кетейік. Олар негізінен араб және түрік тілдерінде:

Әбу Мұхаммед Мұхий ад-дин Абд әл-Қадыр бин Мұхаммед бин Насруллаһ бин Самам әл-Кураши әл-Мисри. Әл-Джауһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа. Рияд 1993, II том, 591-592-беттер.

Абу-л Адл Зайн ад-дин Қасым бин Күтлүбұға бин Абдаллаһ ас-Судуни әл-Джамали әл-Мисри (1399-1474). Тадж ат-Тараджим фи табақат әл-ханафийа. Дамаск 1992, 212-213-беттер.

Ахмад бин Мұстафа, аш-шаһир би-Ташкүбризаде (1495-1561). Мифтах ас-сағада уа мисбах ас-сиада фи маудуғат әл-улум. Бейрут 2002, 250 бет.

Ахмет Өзел. Ханафи фикік алимлери. Анкара 2013, 64-бет.

Әл-Маулай Мұстафа бин Абдаллаһ әл-Кустантини ар-Руми әл-Ханафи аш-шаһир би-мулла Катиб әл-Чалаби уа мағруф би-Хаджи Халифа (1608-1657). Кашф аз-Зунун ан асами әл-кутуб уа-л фунун. Бейрут 1992, II том, 1627-1628-беттер.

Әбу-л Хасанат Мұхаммед Абд әл-Хайи бин Мұхаммед Абд әл-Халим бин Мұхаммед Аминаллаһ әл-Ансари ас-Сихалауи әл-Лакнауи әл-Һинди (1848-1886). Әл-Фауаһид әл-баһийа фи тараджим әл-ханафийа. Бейрут 1998, 209-бет.

Хайр ад-дин аз-Зирикли (1893-1976). Әл-Ағлам. Қамус тараджим ли-ашһар ар-риджал уа-н ниса мин араб уа-л мустағрибиин уа-л мусташириқин. Бейрут 2005, 149-бет.

Араб, түрік, ағылшын тілдерінде аз-Зернуджи жайлы шыққан жарияланымдарға да көңіл аударайық:

Араб тілінде:

Аз-Зарнуджи. Тағлим әл-мутағаллим. Каир 1986. (Алғыс сөз, 5-23 беттер).

Йақұт ал-Хамауи ар-Руми. Муъдjam ал-булдан. Каир 1324, 2 том, 387 бет.

Махмұд Сулейман әл-Кафауи. Аълам әл-ахйар мин фуқаһа мазһаб ан-Нұғман әл-мухтар. (Сулеймания кітапханасы).

Әл-Маула Мустафа бин Абдулла аль-Кустантини ар-Руми аль-Ханафи аш-шаһир би-мулла Катиб ал-Чалаби уа мағруф би-Хаджи Халифа Кашф аз-Зунун ан асами аль-кутуб уа-л фунун. Бейрут 1992. I том, 425-бет, II том 113 бет.

Ибраһим бин Исмаил. Шарх тағлим әл-мутағаллим. Стамбул 1301.

Саркис. Муъдjam аль-матбуат аль-арабийа. I том 11, 964 беттер.

Исмаил паша аль-Бағдади. Һадийат әл-арифиин асма әл-мауаллифиин уа асар әл-мусаннафиин, Бейрут 1992, I том, 13-14 беттер.

Ахмед Фуад аль-Ихуани. Ат-Тарбия фи-л Ислам уа ат-тағлим фи рауи-л Кабиси. Каир 1955, 221-239 беттер.

Каххала. Муъдjam аль-муаллафиин, III том, 43 бет.

Абд аль-Джаббар ар-Рифаъи. Маусуати му-садириин низами-л ислами. Ат-Тарбия ве тағлим фи-л ислам. Кум. 1375./1414, V.239;

Саид Ахмед Усман. Аз-Зарнуджи. Бурһану-л ислам Mu. Ali, XI, 142-145 беттер.

Исмаил бин Усман Бакир Османпазари. Тағһим әл-мутағаллим ала тағлим әл-мутағаллим. Стамбул 1320.

Иса Әли. Заруджи (Бурһан әл-Ислам)// әл-Маусуату-л арабийа. Дамаск 2004, X том, 349-350-беттер.

Түрік тілінде:

Османли муалифлери. III том. 136-137-беттер.

Мехмет Даг, Хифзираһман Рашид Уимен. Ислам егитим тарихи. Анкара 1974, 53 бет.

Йусуф Зия Кавакши. XI век XII. асрларда Караханалилар давринде Мауараннахр ислам хуккиларари. Анкара 1976, 262 бет.

Осман [Нури] Ергин. Туркийе Маариф тарихи. Стамбул 1977, I том, 121 бет.

Хитти. Ислам тарихи. II том. 629-630 беттер. Islam ansiklopedisi. Turkiye diyanet vakfi. Istanbul 2013.

Мехмет Тутунджи. Турк ислам егитимшиси Зернуджи. Измир 1991, 33-100 беттер.

Хаяти Тетик. Зернуджи ве «Тағлиму-л мутағаллимде» егитим огретим, 1991.

Социал билимлер институту. 1-9 беттер.

Еуропа тілдерінде:

Brockelmann C. Geschichte der Arabischen Litteratur (GAL), Leiden-Brill 1937, I том 462-бет; Brockelmann C. GAL, Erster Supplemenband. Leiden E.J. Brill 1937, I том, 837-бет.

Pllener M. Al- Zarnudji // Encyclopedia of Islam, V том, 1287-1288 беттер.

Al-Zarnudji. Encyclopedia of Islam, XI том, 201бет.

Исфиджаб (Сайрамдық) шейху-л ислам Әли ибн Мұхаммед әл-Исфиджаби мен Зернүктік Бурһан әл-ислам ан-Нұғман аз-Зернуджи жайлы түрлі тілдердегі мағлұматтарды да мұнда қоса беріп отырғанымыз, олардың ғибратты өмірі мен ізгі мұрасы қызықтыратындар болса, бағдар қызметін атқарсын деген ойдан туған игі тілек.

## Қорытынды және тұжырымдама

Сөйтіп тек Сайрам мен Отырар қалалары ғана емес, Отырар маңындағы Зернук (Зернудж) секілді қамал (қасаба), қорған және түрлі елді мекендерден де **ан-Нұғман аз-Зернуджи** іспетті тамаша ғалым, ойпаз ұстаз шыққан. Олар тек бүгінгі қазақ халқының ғана емес, бүкіл мұсылман, қала берді күллі ислам өркениеті мен мәдениетінің де мақтанышы екендігін айтқан жөн. Отырар өлкесінің бұл кемеңгерін де Қазақстан тарихына мен түрлі оқу құралдары,

сонымен қатар тағлымдық та әдебиеттерге кіргізе берген жөн. Ғасыр парақтарының арасында қалып қойған мұндай арыстарымызды бүгінгі ұрпаққа таныту, насихаттау Қазақстанымыздың, еліміздің ежелден өркениет, мәдениет, ғылым мен білім елі болғандығын таныту, насихаттау, беделін көтеру деп ойлаймыз.

Өкінішке орай ортағасырларда қазақ жерінде болған түрлі шаһарлар, мәдениет ошақтары сандаған соғыс, жаулаушылық салдарынан қирап, аттары ұмытылып, бірте-бірте ана төбе, мына төбеге айналып кетті.

## Әдебиеттер

- Амир Темир в мировой истории, [Amir Temir in the world history], Ташкент, Аз-Зарнуджи. (1986). Тағлим әл-мутағаллим. Каир.
- Әл-Маула Мустафа бин Абдулла аль-Кустантини ар-Руми аль-Ханафи аш-шаһир би-мулла Катиб ал-Чалаби уа мағруф би-Хаджи Халифа Кашф аз-Зунун ан асами аль-кутуб уа-л фунун. (1992), Бейрут.
- Абд аль-Джаббар ар-Рифаи. Маусуати мусадирин низами-л ислами. Ат-Тарбия ве тағлим фи-л ислам. (1375/1414) Қум.
- Ахмед Фуад аль-Ихуани. Ат-Тарбия фи-л Ислам уа ат-тағлим фи рауи-л Кабиси. (1955) Каир, 221-239.
- Al-Zarnudji. Encyclopedia of Islam, XI том, 201.
- Әл-Құраши. Жауһир әл-мудийа фи табақат әл-ханафийа. (2005) Рияд.
- Brockelmann C. (1937) Geschichte der Arabischen Litteratur (GAL), Leiden-Brill, 462; Brockelmann C. (1937) GAL, Erster Supplemenband. Leiden E.J. Brill, 837.
- Қаххала. Муъдjam аль-муаллафин, III том, 43.
- Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтама. (2010) Алматы.
- Махмұд Сулейман әл-Кафауи. Аълам әл-ахйар мин фуқаһа мазһаб ан-Нұғман әл-мухтар. (Сулеймания кітапханасы).
- Мехмет Тутунджи. (1991) Турк ислам егитимшиси Зернуджи. Измир, 33-100
- Мехмет Даг, Хифзирахан Рашид Уймен. (1974) Ислам егитим тарихи. Анкара, 53.
- Иса Әли. (2004) Заруджи (Бурһан әл-Ислам)// әл-Маусуату-л арабийа. Дамаск, X том, 349-350
- Ибраһим бин Исмаил. Шарх тағлим әл-мутағаллим. Стамбул 1301.
- Исмаил паша аль-Бағдади. (1992) Һадийат әл-арифин асма әл-мауаллифин уа асар әл-мусаннафин, Бейрут, 13-14.
- Йақұт ал-Хамауи ар-Руми. (1324) Муъдjam ал-булдан. Каир, 2 том, 387.
- Исмаил бин Усман Бакир Османпазари. (1320) Тағһим әл- мутағаһим ала тағлим әл-мутағаллим. Стамбул.
- Ислам энциклопедиясы XI том. 501.
- Ислам энциклопедиясы. (2013) Анкара, 44 том, 294-295.
- Islam ansiklopedisi. Turkiye diyanet vakfi. Istanbul 2013.
- Йусуф Зия Кавакши. (1976) XI век XII. асрларда Караханалилар давринде Мауараннахр ислам хукукчилари. – Анкара, 262.
- Османли муалифлери. III том. 136-137.
- Осман [Нури] Ергин. (1977) Туркийе Маариф тарихи. Стамбул, I том, 121.
- Саркис. Муъдjam аль-мағбуат аль-арабийа. I том 11, 964.
- Саид Ахмед Усман. Аз-Зарнуджи. Бурһану-л ислам Mu. Ali, XI, 142-145.
- Хитти. Ислам тарихи. II том. 629-630.
- Хаяти Тетик. Зернуджи ве «Тағлиму-л мутағаллимде» егитим огретим, 1991.
- Социал билимлер институту. 1-9
- Pfener M. Al- Zarnudji (1287-1288). Encyclopedia of Islam, V том, .

## References

- Amir Temir in the world history, Tashkent
- Az-Zarnuji. (1986) .Talim әl-mutaғallim. Cairo.
- Mal-Maula Mustafa bin Abdullah al-Kustantini ar-Rumi al-Hanafi al-shahir bi-mullah Katib al-Chalabi wa maruf bi-Haji Khalifa Kashf al-Zunun an asami al-kutub wa-l funun. (1992), Beirut.
- Abd al-Jabbar Ar-Rifai. Mausuatii musadirin nizami-l islam. At-Tarbia ve taglim fi-l Islam. (1375/1414) Qum.
- Ahmed Fouad al-Ihuani. At-Tarbia fi-l Islam wa at-taglim fi raui-l Kabisi. (1955) Cairo, 221-239.
- Al-Zarnudji. Encyclopedia of Islam, XI Volume 201.

- Al-Kḡrashi. Jauahir al-mudiyya fi tabakat әl-hanafiya. (2005) Riyadh.
- Brockelmann C. (1937) Geschichte der Arabischen Litteratur (GAL), Leiden-Brill, 462; Brockelmann C. (1937) GAL, Erster Supplemenband. Leiden E.J. Brill, 837.
- Kahhala. Mujam al-muallafin, Volume III, 43.
- Kazakhstan tariffs. Encyclopedias anytyam. (2010) Almaty.
- Mahmad Suleiman әl-Kafaui. Alam әl-ahyar min fuqaha mazhab an-Nḡḡman әl-mukhtar. (Sulejmania kitaphanasy).
- Mehmet Tutunji. (1991) Turk Islam egitimshisi Zernuji. Izmir, 33-100
- Mehmet Dag. Hifzirahman Rashid Uimen. (1974) Islam is an Egyptian tari. Ankara, 53.
- Isa Ali. (2004) Zaruji (Burhan әl-Islam) // әl-Mausuatu-l arabiya. Damascus, X vol. 349-350
- Ibrahim bin Ismail. Sharh talim әl-mutarallim. Istanbul 1301.
- Ismail Pasha Al-Barḡadi. (1992) Gadiyat әl-arifiin asma al-mauallifiin wa asar әl-musannafiin, Beirut, 13-14.
- Ya'at al-Hamawi ar-Rumi. (1324) Mujam al-buldan. Cairo, 2 vol. 387.
- Ismail bin Usman Bakir Osmanpazari. (1320) Tafhim al-mutafahim ala taglim әl-mutagallim. Istanbul.
- Islam Encyclopedias XI Volume 501.
- Islam encyclopedias. (2013) Ankara, 44 vol., 294-295.
- Islam ansiklopedisi. Turkiye diyanet vakfi. Istanbul 2013.
- Yusuf Zia Kawakshi. (1976) XI century XII. Asrlard Karahanalilar davrinda Maurannah Islam hukukshilari. Ankara, 262.
- Osmanli muallifleri. III volume. 136-137.
- Osman [Nuri] Yergin. (1977) Turkiye Maarif Tarihi. Istanbul, I volume, 121.
- Sarkis. Mujam al-matbuat al-arabiya. I volume 11, 964.
- Saeed Ahmed Usman. Az-Zarnuji. Burjanu-l Islam Mu. Ali, XI, 142-145.
- Hitty. Islam Tarihi. II volume. 629-630.
- Hayati Tetik. Zernuji ve "Taglimu-l mutagallimde" ogitim ogetim, 1991.
- Social bilimler institus. 1-9
- Pllener M. Al-Zarnudji (1287-1288). Encyclopedia of Islam, V vol.